

Қазақстан Республикасы Конституциясының 49-бабының 2-тармағын ресми түсіндіру туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің Қаулысы 1999 жылғы 14 шілде N 13/2

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Төраға Ю.А.Ким, Кеңес мүшелері Н.І.Өкеев, А.Есенжанов, А.К.Котов, В.Д.Шопин қатысқан құрамда, өтінім субъектілерінің өкілдері - Сенат депутаты С.Г.Темірболатов және Мәжіліс депутаты Н.С.Каптильдің қатысуымен ашық отырысында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Мәжілісі Төрағаларының Қазақстан Республикасы Конституциясының 49-бабының 2-тармағын ресми түсіндіру туралы өтінімін қарады.

Колда бар материалдарды зерделей келе және баяндамашы - Конституциялық Кеңестің мүшесі В.Д.Шопиннің хабарын, өтінім субъектілері өкілдерінің сөздерін тындалап, Конституциялық Кеңес

мынаны анықтады:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне 1999 жылғы 22 маусымда Парламент Сенаты Төрағасы Ә.Байгелди мен Парламент Мәжілісі Төрағасы М.Оспановтың Қазақстан Республикасы Конституциясының 49-бабының 2-тармағын ресми түсіндіру туралы өтінімі келіп түсті. Өтінімде сондай-ақ көрсетілген норманы түсіндіруде мынадай: 1) бірінші шақырылған Парламент Мәжілісі депутаттарының төрт жылдық өкілеттік мерзімінің басталуы мен аяқталуы туралы; 2) екінші шақырылған Парламенттің бірінші сессиясын Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Конституциясының 59-бабының 2-тармағында белгіленген мерзімде, яғни сайлау қорытындылары жарияланған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей, шақыруға құқылы ма деген сұрақтарға жауаптар беру туралы өтініш орын алған.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 59-бабы 2-тармағы нормасының мазмұнын талдауда Конституциялық Кеңес мынаны ескерді.

Республика Конституциясының 49-бабының 2-тармағымен: "Парламенттің өкілеттігі оның бірінші сессиясы ашылған сәттен басталып, жаңадан сайланған Парламенттің бірінші сессиясы жұмысқа кіріскең кезде аяқталуы" белгіленген. Осылайша, Конституцияның 49-бабының 2-тармағы заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің сол мерзім ішінде Конституциямен өзіне жүктелген өкілеттіктерді орындастын мерзімнің бастапқы және соңғы сәттерін белгілейді.

Осы конституциялық нормаға сәйкес бірінші шақырылған Қазақстан Республикасы

Парламентінің өкілеттіктері оның бірінші сессиясы ашылған күннен - 1996 жылғы 30 қаңтардан басталған, ал жаңадан (екінші) шақырылған Парламенттің бірінші сессиясы жұмысының басталуымен аяқталуға тиіс. 1995 жылғы редакциядағы Қазақстан Республикасының Конституациясына және Конституциялық Кеңестің 1999 жылғы 17 наурыздағы қаулысына сай бірінші шақырылған Парламенттің өкілеттік мерзімі төрт жылдан тұрады.

Парламенттің алқалы мемлекеттік орган ретіндегі өкілеттігі өзінің ұзақтығы жағынан өз депутаттарының өкілеттіктерімен түгелдей сәйкес келмейді, себебі Парламент Мәжілісі мен Сенаты депутаттарының өкілеттіктері "Қазақстан Республикасының Парламенті мен оның депутаттарының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 24-бабының 2-тармағына сай Орталық сайлау комиссиясы оларды Парламент депутаттары ретінде тіркеген сәттен басталады. Мәселен, 1995 жылғы 9 желтоқсанда сайланған Мәжілістің 29 депутаты 1995 жылғы 16 желтоқсанда тіркелген, қайта дауыс беруде сайланған 33 депутат 1995 жылғы 29 желтоқсанда тіркелген. Келтірілген деректер депутаттар өкілеттіктерінің бір уақытта басталмайтындығына күә болады.

Бірінші шақырылған Парламент Мәжілісі депутаттарының және Сенат депутаттарының бір бөлігінің өкілеттіктері Республиканың өкілді органы ретінде Парламент өкілеттігімен бір уақытта - жаңадан шақырылған Парламенттің бірінші сессиясының жұмысы басталғанда аяқталады.

Қазақстан Республикасы Конституациясының 59-бабының 2-тармағына сәйкес Парламенттің бірінші сессиясын Қазақстан Республикасының Президенті сайлау қорытындылары жарияланған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей, Парламент сессияларын еткізу үшін "Қазақстан Республикасының Парламенті мен оның депутаттарының мәртебесі туралы" Конституциялық заңының 7-бабында белгіленген кворум болғанда шақырады.

Конституацияның 59-бабы 2-тармағының, "Қазақстан Республикасының Парламенті мен оның депутаттарының мәртебесі туралы" Конституциялық заңының 6-бабының 2-тармағында да қайталанған нормасы императивті болып табылады, Республика Президенті Парламенттің бірінші сессиясын көрсетілген мерзімде шақыруға міндетті дегенді білдіреді.

Республика Конституациясының 51-бабының 1-тармағы Мәжіліс депутаттарының кезектегі сайлауы Парламенттің жұмыс істеп тұрған сайланымының өкілеттік мерзімі аяқталуға кемінде екі ай қалғанда өткізілуін белгілейді. Парламент депутаттарын сайлаудың қорытындылары туралы хабарлауды "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 44-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сай Орталық сайлау комиссиясы сайлау өткізілген күннен бастап он күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды. Парламенттің бірінші сессиясы, Конституцияда белгіленгендей, сайлаудың қорытындылары

жарияланған күннен бастап отыз күннен кешіктірілмей шақырылуға тиіс.

Конституцияның және жоғарыда аталған Қазақстан Республикасы Конституациялық заңының келтірілген нормаларында көрсетілген мерзімде орындалуға тиіс нұсқамалар бар.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Конституациясының 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституациялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 17-бабы 3-тармағының 1) тармақшасын, 37-бабын басшылықта алып, Қазақстан Республикасы Конституациясының 49-бабының 2-тармағын ресми түсіндіру тәртібінде Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі

қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Конституациясының 49-бабының 2-тармағын Қазақстан Республикасының Парламенті заң шығару қызметін жүзеге асыратын ең жоғары өкілді орган ретінде оған Қазақстан Республикасының Конституациясымен жүктелген сол мерзім ішінде өкілеттіктерді орындастын уақытқа, мерзімге шек белгілеу деп түсіну керек. Көрсетілген мерзім Парламенттің бірінші сессиясының ашылу сәтінен басталады және жаңадан шақырылған Парламенттің бірінші сессиясының жұмысы басталуымен аяқталады.

Қазақстан Республикасы Конституациясының 59-бабының 2-тармағын Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясын Республика Президенті сайлау қорытындылары жарияланған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей шақыруға тиіс деп нұсқайтын норма деп түсіну керек.

2. Қазақстан Республикасы Конституациясының 74-бабының 3-тармағына

сәйкес осы қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды. Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституациясының 73-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларды ескеріп, түпкілікті болып табылады.

Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесінің
Төрағасы

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК